



Ағылшыннан бейресми аударма

ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

**Елші, Қазақстан Республикасындағы ЕО Өкілдігінің Басшысы Аурелия Бушез ханымның сөз сөйлеу тезистері,
Босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон жөніндегі министрлік конференция: Алматы процесі**

Алматы, 5 маусым 2013 жыл

Жоғары мәртебелілер, құрметті қатысушылар, қадірлі қонақтар! Сөзімнің басында мен Сыртқы істер министрлігіне мені Алматы процесі бойынша Министрлік конференциясында Еуропа Одағының атынан сөз сөйлеуге шақырғаны үшін алғысымды білдіргім келеді және осы маңызды және уақытылы бастамамен Қазақстанды құттықтағым келеді.

Мен ЕО-ның халықаралық көші-қон және босқындарды қорғау мәселелерінің барлық деңгейлерінде біздің ынтымақтастығымызды қолдайтынын және мүдделілігін растағым келеді. Ауғанстандағы 2014 жылғы оқиғаларды қоса алғанда, Орталық Азия өңірі үшін бұл тақырыптың маңыздылығы артуда.

Еуропа Одағы даму тұрғысынан көші-қон маңыздылығын мойындайды әрі Алматы декларациясының және БҰҰ босқындар құқықтары жөніндегі жоғары комиссар басқармасының және Халықаралық көші-қон ұйымының бағалы сараптамалық білімін ескере отырып дайындалған Өңірлік іс-әрекеттер жоспарының міндеттерін мақұлдайды. Сонымен ЕО тараптар белгілеген ортақ міндеттерді қолдайды.

Еуропа Одағы жоспарланған нәтижелерге жетуге көмектесу үшін өз тәжірибесімен және мүше-мемлекеттердің сараптамалық білімімен бөлісуге дайын.

Бұл түпмәтінде Еуропа Одағы Орталық Азия елдерін Прага процесі және Будапешт процесі сияқты ЕО қолдайтын, жүзеге асырылған бастамаларға белсенді қатысуға шақырғысы келеді. Орталық Азия елдері өңірдің барлық бес елінде жұмыс істейтін WOMSA (Орталық Азияда шекараларды басқаруға көмектесу) сияқты осындай бағдарламаларды толық пайдалана алады. WOMSA бағдарламасының тоғызыншы кезеңі жуырда іске қосылады. Басқа маңызды бағдарлама – Қырғыз Республикасында, Тәжікстан мен Өзбекстанда жұмыс істеп жатқан көші-қон жөніндегі ЕО сараптамасы.

Алматы декларациясының және Өңірлік іс-әрекеттер жоспарының міндеттерін орындау мақсатында біз жоғарыда айтылған жобалар аясында ынтымақтамтығымыздың деңгейін арттыруға үміттенеміз.

Көші-қон және босқындар проблемаларының өңірлік, тіпті жиі ғаламдық әсері де бар. Олар, бірқатар сөз сөйлегендер атап өткендей даму мәселелерін, гуманитарлық мәселелер

мен қауіпсіздік мәселелерін қоса алғанда, кешенді сын-қатерлер болып табылады, бұл кешенді тәсілді және мүдделі тараптар арасында тығыз үйлесімділікті талап етеді. Сондықтан біздің кездесуіміз бұл мәселелерді қарау үшін жеткілікті релевантты және оның нәтижесін тұрақты ету аса маңызды.

Сайып келгенде мен біздің ортақ міндеттер мен мақсаттарға жету үшін көп жұмыс алдымызда тұрғанын растайын дегенмін. Босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон жөніндегі өңірлік бастамаларды тиімді және нәтижелі іске асыруға жету үшін келісілген іс-әрекеттердің жақсы үйлесімділігі қажет. Бүгін барлық қатысушылар іске көрсеткен берілушіліктерімен біз табысқа жететінімізге сенімдімін.

Назарларыңызға рақмет!